

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Атырау облысы Білім беру басқармасы 2018 жылғы 23 қарашада Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, танымал ғалым, тәжірибелі ұстаз, іскер басшы Нұрлыбек Ғилажұлы Даумовтың 60 жылдық мерейтойына орай «Ұлттық сананы жаңғырту: зияткер ұрпақты дамытудың ғылыми-әдістемелік мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференцияның мақсаты: Н.Даумовтың педагогикалық жұмыс тәжірибесін зерттеу, дарынды балалармен жұмыс бойынша тәжірибе алмасу, заманауи білім беру жүйесінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын жүзеге асыру.

Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі деп жоспарлануда:

I. Шығармашылық көрме (дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің көрмесі)

II. Дөңгелек үстел «Ғалым. Ұстаз. Басшы» (Ғалым ұстаздың педагогикалық қызметінің құндылық негіздері ғалымдар, білім беру ұйымдары басшылары, әріптестері және шәкірттерінің көзімен)

III. Секциялық жұмыстар

I-секция. Зияткер ұрпақты дамытудағы ғылыми педагогика негіздерінің бүгінгі мен ертеңі

II-секция. Рухани жаңғыру – жеке тұлғаға ұлттық адамгершілік тәрбие берудің негізі

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс.

Конференцияға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, республикалық және облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдарының өкілдері, ардагерлер, ұстаздар, педагогикалық қоғам, отандық ғалымдар, барлық типтегі білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері шақырылады.

Конференцияға қатысу, материал ұсыну тегін.

Материалдарды рәсімдеу тәртібі

Баяндама мәтіні Microsoft Word редакторында Times New Roman, 14 шрифтпен, әр жол аралығы-1, Ф4 форматы, жол жиегі: сол жағы – 3 см, жоғары жағы, оң жағы, төменгі жағынан – 2 см., 5-6 бет көлемінде болуы керек.

Жолдың ортасында бас әріптермен баяндаманың тақырыбы, бір жолдан кейін автордың аты-жөні, одан бір жол төмен мекеме атауы жазылады. Мәтінге қосымша сурет, кесте беруге болады. Пайдаланылған деректер сілтемесі тік жақшада беріледі. Мақаланың соңында толық библиографиялық